

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 13 қазандағы N 1329 қаулысымен бекітілген Халықаралық Қайта жаңарту және Даму банкінің техникалық көмек займының резервтік қорын пайдалану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 24 қаңтар N 92. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.09.25. N 1168 қаулысымен.

Қазақстан Республикасына берілген Халықаралық Қайта жаңарту және Даму банкінің техникалық көмек займын тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Техникалық көмек займының 5 359 500 АҚШ доллары мөлшеріндегі резервтік қорының бөлінуі қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет:

Халықаралық Қайта жаңарту және Даму банкінің ережелеріне сәйкес займның іске асырылуын үйлестіруді және тауарлар сатып алудың жүргізілуіне бақылау жасауды жүзеге асырсын:

займ қаржыларын пайдаланудың есебін жүргізсін және осы мәселе бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен халықаралық Қайта жаңарту және Даму банкіне есеп берсін:

займ қаржыларының бөлінуіндегі өзгерістер туралы Халықаралық Қайта жаңарту және Даму банкіне өзгерістер туралы Халықаралық Қайта жаңарту және Даму банкіне хабарласын.

3. Қосымшада көрсетілген жауапты ұйымдар займ қаражатына алынған тауарларға есеп жүргізсін және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне тоқсан сайын есеп берсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Қаржы-валюта бақылау комитеті Қазақстан Республикасының министрлеріне, ведомстволарына осы қаулы бойынша да "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 4 қаңтардағы N 17 P940017_ қаулысымен бекітілген Халықаралық Қайта жаңарту және Даму банкінің техникалық көмек займы қаржысын қайта бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 13 қазандағы N 1329 P951329_ қаулысы бойынша да бөлінген техникалық займ көмегі қаражатының мақсатты пайдаланылуын тексеруді қамтамасыз етсін және нәтижесі туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне мәлімдесін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан

Республикасының Ұлттық Банкімен жоғарыда аталған қаулыға сәйкес берілген
Техникалық көмек займының орнын толтыру жөніндегі келісімге қол қойсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1996 жылғы
24 қаңтардағы
N 92 қаулысына
қосымша

Техникалық көмек займының резервтік қорын бөлу

(мың доллар)

Министрліктердің, і Қаулы і 1995 ж.15 і Қажет.і
ведомстволардың і 15.01.94і13.10.95і желтоқсанғаі тілік іБөлу
атауы і N 17 і N 1329 і игерілгені і і

Әділетмині

Құқықтық реформа	1500	1950	1474.865	1500	300
Компьютерлер сатып алу	500	200	49.992		

Мемстатком

Консультациялық қызмет	450	450	449.260		
Компьютерлер	60	250	60.004		

Есептеу техникасы	1800	1800		1000	1000
Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия					
Компьютерлер	-	-	-	100	100
Медициналық сақтандыру қоры					
Компьютерлер	-	-	-	3600	618,5
Ішкіісмині					
Компьютерлер	-	-	-	352	
Қазынашылық					
Компьютерлер	-	-	-	3000	3000
Кеденком					
Компьютерлер	-	-	-	1000	
Денсаулықмині					
Консультациялық қызмет	575	575		574.310	750
Компьютерлер	25	25	25	150	
Аттестациялық комитет					
Компьютерлер	-	-	-	41	41
Жиыны	4910	5250	2633.431	11493	5059,5
Ақпарат бюллетеньдерін шығару					300
Барлығы	4910	5250	2633.431	11493	5359,5